

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«НҰР-СҮЛТАН ҚАЛАСЫ»
МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

16 қарыншынан 2021 ж.
№ 4

01000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 11

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты тұрақты комиссияларының бірлескен отырысының қаулысы

2021 жылғы 16 қыркүйек

Педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары жергілікті атқарушы органның педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі жұмысы туралы ақпаратты тыңдал және талқылай отырып, төмендегілерді атап өтеді.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Занын (бұдан әрі - Зан) іске асыру шенберінде жалпы білім беретін мектептерге үздік педагогтерді тарту үшін жергілікті атқарушы органмен шаралар кешені көзделген.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2020 жылғы 1 қантардан бастап білім беру үйымдары педагогтерінің жалақысы 25% -ға өсті (бұдан әрі жыл сайын 2023 жылға дейін қоса алғанда 25% -ға ұлғайтумен). Тәлімгерлік, магистр дәрежесі, сынып жетекшілігі, дәптерлерді тексергені үшін қосымша ақылар төленеді. Педагог қызметкерлердің жүктемесі аптасына 16 сағатқа дейін төмендетілді.

Аттестаттау қорытындысы бойынша педагогтерге педагогикалық шеберлігі үшін 30%-дан 50%-ға дейін, білім беру үйымдарының басшылары мен басшыларының орынбасарлары үшін лауазымдық жалақысының 30%-дан 100% -ға дейін қосымша ақы көзделген.

Сонымен қатар, жергілікті атқарушы органның ұсыныстарын ескере отырып, жыл сайын республикалық үйымдар базасында педагогтер біліктілікті арттыру курсарынан өтеді. Педагогтердің кәсіби саладағы жетістіктері жеке көтермеленеді. «Үздік педагог» республикалық конкурсының женімпаздары 1000 АЕК көлемінде ақшалай сыйақы алды.

Алғаш рет, 2021 жылғы наурыздан бастап, аса үздік жетістіктері мен ел алдындағы ерекше еңбегі үшін 1000 есөленген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы төлеммен мемлекеттік награда - «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы тагайындалды.

Жаңа енгізілімдерге сәйкес мектепке келген жас педагогтерге бір оку жылы кезеңіне тәлімгер-педагог бекітіледі, оған 1 базалық лауазымдық жалақы мөлшерінде қосымша ақы төләнеді, педагогтердің балаларына мектепке дейінгі ұйымдардан орындар, жұмыс орны бойынша сайлау және сайлаулы лауазымға орналасу және барлық ер педагогтерді әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру ұсынылады.

Заң шенберінде көзделген барлық әлеуметтік кепілдіктер өз қызметін білім беру ұйымдарында жүзеге асыратын педагогтарға қолданылады, оларға еңбек демалысының ұзақтығы 56 күнге дейін ұлгайтылған.

Мемлекеттік мекемелердің тұрғын үйге мұқтаж педагог қызметкерлерінің коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орталықтардан жалдаған тұрғын үй алу үшін есепке тұруға құқығы бар.

Тұрғын үй мәселелерін шешу 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй-коммуналдық даму бағдарламасының, Шаңырақ (5-10-20) бағдарламасының, женілдікпен кредит беру бағдарламасының түрлі тетіктері есебінен қолжетімді, мұнда Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ведомствоның бағынысты мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарда еңбек қызметін жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге 1,5 млн. теңге мөлшерінде бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификаты беріледі.

Сондай-ақ, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ведомствоның бағынысты ұйымдарда жұмыс істейтін білім беру саласы қызметкерлерінің «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ-мен жалға берілетін тұрғын үйді алу мүмкіндігі бар. Тұрғын үй кейіннен сатып алу құқығымен жалға беріледі.

2019 жылы «Тұған жер» бағдарламасы аясында жас мұғалімдерге арналған 350 орындық жатақхана салынды. Жатақханада тұру құны айна 17 мың теңгені құрайды.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары С (әкімшілік персонал) және D (қосалқы персонал) блоктарының азаматтық қызметшілерінің жалақысы төмен күйінде қалып отырғанын атап өтті (58577,07 теңgeden 184491,2 теңгеге дейін).

Қосымша ақша қаржатын бөлу үшін занды негіз «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаржаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысында (бұдан әрі - Ережелер) көзделгенімен, күн сайын елорданың білім беру ұйымдарының тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін әкімшілік және қосалқы персонал жалақыны арттыру жөнінде қабылданған шаралардан тыс қалып отыр. Ережелерге сәйкес мемлекеттік басқару органдары мен үйлім басшыларына жұмыс нәтижелері бойынша ұйымдардың басшыларына сыйақы беру, лауазымдық

жалақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу, сондай-ақ қаражатты үнемдеу есебінен материалдық көмек көрсету құқығы берілген.

Мәселен, Жамбыл облысында облыстық Білім басқармасы мен Білім беру қызметкерлері кәсіподағының арасындағы әлеуметтік әріптестік туралы Өнірлік келісімде қызмет көрсету аймағын кеңейткені үшін білім беру үйымдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларынан 30-дан 50% - да дейінгі мөлшерде қосымша ақша қаражатын бөлу көзделген.

Ережелердің 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт жүйесі үйымдарының қызметкерлеріне белгіленген еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар басқа қызмет салаларында тиісті лауазымдарда істейтін және мамандығы бойынша жұмыстарды орындайтын үйымдардың қызметкерлеріне қолданылады. Іс жүзінде бұл норма қолданылмай отыр. Денсаулық сақтау және мәдениет саласында жалақыны арттыру кезінде білім беру саласындағы медицина қызметкерлері мен кітапханашылдардың жалақысын көтеру жүргізілмейді.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 7-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органдар педагогке тұрғын үйді жалдау (жалға алу) үшін және коммуналдық көрсетілетін қызметтерге етемақы төлемдерін, санаторийлік-курорттық емделуге және демалуға жолдама сатып алу үшін толық немесе ішінана төлемдер, сондай-ақ педагогті әлеуметтік қолдауға бағытталған өзге де жеңілдіктер белгілеуге құқылы. Алайда Нұр-Сұлтан қаласының педагогтарына бұл төлемдер жасалмайды.

Осыған байланысты Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №221/25-VI шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына толықтырулар енгізу арқылы коммуналдық қызметтерді төлеу, тұрғын үйді ұстау, телефон үшін абоненттік төлем және санаторийлік-курорттық емдеу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін педагогтер санатын жатқызу ұсынылады.

Пандемия режимінде қызметтік үй-жайларды тазалаушыларда дезинфекциялық заттарды қолдану көлемі артты, олар да, мұғалімдер сияқты қауіп-қатер аймағында, бірақ олардың қосымша төлемдері бұрынғы деңгейде қалып отыр. Ережелердің 18-қосымшасы 9-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ауыр қол еңбегі жұмыстарымен және еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстармен айналысадын қызметкерлерге қосымша ақының мөлшері базалық лауазымдық айлықақыдан (17697 теңге) 20% - ды (3539,4 теңге) және 30% - ды (5309,1 теңге) құрайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру үйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарында «кадрлар жөніндегі маман» лауазымы мамандандырылған үйымдарда және техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім беру ұйымдарында ғана көзделген. Бұл функция ақысыз негізде білім беру ұйымының «іс жүргізушісіне» қосымша жүктелген.

Занға сәйкес педагог қызметкерлер оларға тән емес функциялардан босатылған, яғни кәсіби қызметпен байланысты емес жұмыстарға тартыла алмайды.

Алайда, бұрынғысынша мұғалімдерге оқу үй-жайларын жөндеу, құрылым материалдарын сатып алу сияқты және т. б. функциялар жүктеліп келеді.

Занда колледждерде магистр дәрежесі бар педагогтерге ұстемақы есептеу көзделмеген, осыған байланысты магистр-педагогтердің университеттер мен мектептерге кетуі жиі кездеседі.

Көпшілік тыңдаулар барысында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға патронат, жәрдемақы, зейнетақы тағайындау, девиантты мінез-құлықты балалармен, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын, жалпыға міндettі оқу қорынан жеңілдіктер алу үшін әр аз қамтылған отбасының өмір сүру деңгейінің тоқсан сайынғы есебін дайындаудын, оқушылардың тұрғын үй-түрмистік жағдайының паспортын өзірлейтін әлеуметтік педагогтардың қызметіне қатысты мәселелер көтерілді. Қазіргі уақытта оқу орындарында «әлеуметтік педагог» мамандығы жоқ, олағдың біліктілігін арттыру курстары, шеберлік сыныптары өткізілмейді.

Жоғарыда баяндалғаның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының тұрақты комиссиялары **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі жергілікті атқарушы органның жұмысы туралы ақпарат назарға алынын.

2. Жергілікті атқарушы органға мыналар ұсынылсын (Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.Р. Оралов):

қала педагогерінің әлеуметтік мәртебесі туралы ақпаратты талдау және оны арттыру бойынша ұсыныстар енгізу;

кәсіподактармен келісімдер жасасуды қоса алғанда, елдің басқа өнірлерінің тәжірибесін ескере отырып, білім беру ұйымдарының әкімшілік және басқарушылық персоналдарының жалақысын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;

білім беру саласындағы мәдицина қызметкерлері мен кітапханашылардың жалақысын арттыру туралы заңнама нормаларының орындалуын қамтамасыз ету;

ағымдағы жылдың 1 қазанына дейін Мәслихаттың 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №221/25-VI шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына коммуналдық қызметтерді төлеу, тұрғын үйді ұстау, телефон үшін абоненттік төлем және санаторийлік-курорттық емдеу түрінде әлеуметтік көмек көрсету

үшін педагогтер санатын жатқызуға қатысты бөлігіне толықтырулар енгізу жөніндегі қағидалардың жобасын Мәслихатқа ұсыну;

педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыру мәселесін салалық кәсіптік одақпен пысықтау.

3. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беруді қамтамасыз ету.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

A. Табулдина

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
зандылық, құқық тәртібі және
жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Т. Нәрікбаев

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
бюджет, экономика, өнеркәсіп және
кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі
тұрақты комиссиясының төрағасы**

Н. Көпешов

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
құрылым, экология, көлік, сауда және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы**

Б. Котырев